

Ұлттық біліктілік аясы

1. Ұлттық біліктілік аясы (ҰБА) біліктіліктің 8 деңгейінен тұрады, бұл Еуропалық біліктілік шеңберіне және «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған білім деңгейіне сәйкес келеді. Ұсынылған 8 деңгей оқу нәтижелері түрінде сипатталған.

2. Оқыту нәтижелері үш санатқа бөлінеді: білім, қабілет және құзыреттілік. Олар біліктіліктің әртүрлі комбинацияларда теориялық білімді, практикалық және техникалық дағдыларды, сондай-ақ басқа адамдармен ынтымақтастық қабілеті шешуші болып табылатын әлеуметтік құзыреттілікті қоса алғанда, білім беру нәтижелерінің барлық спектрін ұсынатындығын көрсетеді.

3. ҰБА салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін жалпы кәсіптік құзыреттердің біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шәкілін айқындайды. Осылайша, ҰБА біліктіліктер мен құзыреттердің салааралық байланысын қамтамасыз етеді, сәйкестікті растау және мамандардың біліктіліктерін беру жүйесі үшін негіз болып табылады.

ҰБА-да жеке және кәсіби құзыреттерге, дағдылар мен білімге қойылатын талаптардың құрылымдық сипаттамасы келтіріледі, оларды нақтылау салалық біліктілік аясында және кәсіби стандарттар бойынша жүзеге асырылады.

4. ҰБА пайдаланушылардың әртүрлі топтарына (мемлекеттік органдар мен құрылымдар, жұмыс берушілер, білім беру ұйымдары, азаматтар) арналған және:

1) бірыңғай әдіснамалық негізде кәсіптік стандарттарды, білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге міндетті;

2) оқу орындарының мамандары мен түлектерінің біліктілігін және құзыреттілігін оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды бірыңғай ұстанымнан сипаттауға;

3) бағалау материалдары мен кәсіптік білім берудің барлық деңгейіндегі түлектердің біліктілігін айқындау рәсімдерін әзірлеуге міндетті.

5. Осы ҰБА-да пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) біліктілік - еңбек нарығы және одан әрі білім беру мен оқыту үшін еңбек қызметін жүзеге асыруға құқық беретін игерілген құзыреттердің құндылығын ресми тану.

2) біліктілік деңгейі - күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандартсыздығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкерлердің біліміне, іскерлігіне және кең құзыреттілігіне қойылатын жалпыланған талаптар;

3) кәсіби құзыреттілік - бұл еңбек саласының талаптарына сәйкес әрекет етуге, міндеттер мен проблемаларды әдістемелік ұйымдастырылған және дербес шешуге, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін өзін-өзі бағалауға дайындық және қабілеттілік.

4) білім - жеке және кәсіби қызметте пайдаланылатын ақпарат, нормалар;

5) іскерліктер - қызмет нормаларының талаптарына сәйкес қызметкер бақылайтын әрекеттер;

6) кәсіптік қызмет саласы - саланың жалпы интеграциялық негізі бар және еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттердің ұқсас жиынтығын көздейтін еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

7) еңбек функциясы - бизнес-процесс айқындайтын және еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын болжайтын еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы;

8) кәсіптік міндет - еңбек функциясын іске асыруға және кәсіптік қызметтің белгілі бір саласында қажетті нәтижеге қол жеткізуге байланысты іс-әрекеттер туралы нормативтік ұсыну;

9) кәсіптік стандарт - кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

10) кәсіп - арнайы даярлық нәтижесінде алынатын және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықты және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметі сабақтарының негізгі түрі;

11) құзыреттілік - қызметкердің кәсіби қызметте білім мен дағдыларды қолдану қабілеті;

12) ҰБА - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

13) салалық біліктілік аясы - салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

14) функционалдық (қызметтік) карта - жұмыскердің кәсіптік қызметтің қандай да бір саласы шеңберінде еңбек қызметінің белгілі бір түрі орындайтын еңбек функциялары мен кәсіптік міндеттерінің құрылымдалған сипаттамасы.

1-кесте - Ұлттық біліктілік жүйесінің деңгейлері

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке қол жеткізу жолдары
1	Негізгі орта білімнің болуы, бірақ бастауыш білімнен төмен емес және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқаулық) және / немесе қысқа мерзімді курстар.
2	Жалпы орта білімнің болуы, бірақ негізгі орта білімнен төмен емес, практикалық тәжірибе және / немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту).
3	Практикалық тәжірибе және / немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту).
	Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған жағдайда.
4	Негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім және кемінде үш жыл практикалық тәжірибе болған жағдайда.
	Практикалық тәжірибесі жоқ жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіптік білімі (қосымша кәсіптік даярлық немесе орта білімнен кейінгі білім) болған кезде.
5	Техникалық және кәсіптік білім (немесе орта білімнен кейінгі білім), практикалық тәжірибе немесе жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары.
6	Жоғары білім. Бакалавриат, резидентура, практикалық тәжірибе.
7	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Магистратура (меңгерілген бакалавриат бағдарламасы негізінде), практикалық тәжірибе. Бакалавриат және қосымша кәсіби білім, практикалық тәжірибе.
8	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (тиісті мамандық бойынша магистр, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша докторлардың академиялық дәрежесін алуға әкелетін бағдарламалар және/немесе практикалық тәжірибе). Магистр немесе маман даярлаудың игерілген бағдарламасы, қосымша кәсіптік білім, практикалық тәжірибе және салалық, салааралық, халықаралық деңгейде қоғамдық-кәсіптік тану. PhD Докторантура, PhD докторы ғылыми дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, практикалық тәжірибе.

2-кесте - Ұлттық біліктілік аясының құрылымы

Біліктілік деңгейі	Еңбек функцияларына қойылатын талаптар	Іскерліктерге қойылатын талаптар	Білімге қойылатын талаптар
1	Біліктілігі анағұрлым жоғары деңгейдегі маманның (тәлімгердің) басшылығымен норманы іске асыру бойынша орындаушылық іс-қимылдар)	Қарапайым практикалық тапсырмаларды тыңдайды, түсінеді және орындайды, тәлімгердің жұмысын бақылайды, тәлімгерге көмекші жұмыстар көрсетеді.	Еңбек мәні, оны қайта құру процесі және тиісті орындаушылық іс-қимылдар циклі туралы базалық білім
2	Шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжайтын басшылық етумен норманы іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жұмыс нұсқаулықтары мен карталарының негізінде жұмыс тәсілін таңдайды, қарапайым үлгілік практикалық тапсырмалар мен жұмыстарды орындайды.	Еңбек мәні, қарапайым үлгілік міндеттерді орындау кезінде нәтижеге қол жеткізу құралдары мен тәсілдері туралы, орындаушылық қызмет рефлексиясы туралы базалық білім
3	Қойылған міндеттерді орындау үшін өз бетінше жоспарлауды, жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Белгіленген норманы орындау тәсілін дербес айқындайды, еңбек заттары мен құралдарын қолданады, қарапайым міндеттерді орындау бойынша шешімдер қабылдайды.	Пәннің технологиялық түрленуі, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру, кәсіби қызметтің типтік жағдайларында міндеттерді өз бетінше орындау туралы білім
4	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, норманың іске асырылуын ұйымдастыру мен бақылауын, нәтиже үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен норманы іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Берілген тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштыларға міндеттер қояды, олардың қызмет нәтижелерін бағалайды, олардың білімі мен дағдыларының жеткіліксіздігін анықтайды, бағынысты қызметкерлердің кәсібилігін арттыруға ынталандырады.	Кәсіби міндеттерді қою және шешу тәсілдері, қағидаттары және тәсілдері, қарым-қатынас этикасы мен психологиясы, ойлау және қызмет рефлексиясы, еңбекке ынталандыру және ынталандыру тәсілдері туралы білім
5	Түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін технологиялық процесс учаскесі мен кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі жауапкершілікті болжайтын басқарушылық қызмет	Жағдайларды өз бетінше талдайды, шешімдер қабылдайды және оларды іске асыруға жағдай жасайды, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылатуды басып оза отырып, командалық жұмыс контексінде қызметті бақылайды және түзетеді	Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілдері, ұжым және команда құру туралы білім

6	Жұмыстарды басқа учаскелермен келісуді болжайтын кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет, Жұмыскерлердің кәсібилігін арттыру және нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілік	Еңбек қызметінің күрделі жағдайларында шешімдер қабылдайды, дербес басқару мәдениетін, көзқарастың үйлесімділігі мен келісімділігін ұйымдастыруды, нәтижелерді ресімдеуді және таныстыруды сақтайды, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдаланады	Күрделі әлеуметтік және кәсіби жағдайларда бірлесіп талдау, жобалау және шешімдер қабылдау әдіснамасы, қарым-қатынас тәсілдері және көзқарастарды келісу, талдамалық және жобалық құжаттаманы ресімдеу және таныстыру туралы білім
7	Өңірлік және салалық ауқымдағы құрылымдардың жұмыс істеу және даму стратегиясын құруды, оны іске асыру жағдайларын ұйымдастыруды, нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілікті көздейтін басқарушылық қызмет	Қызметтің тұжырымдамалары мен стратегияларын құрудың инновациялық тәсілдерін, әдістерін қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды шешуді қабылдайды және оларға жауапты болады	Қызметкерлердің қызметі мен өзара іс-қимылының тұжырымдамаларын, стратегияларын, функционалдық модельдерін құру әдіснамасы туралы, акмеологиялық тәсілдерді қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды қою және жүйелі шешу тәсілдері туралы білім
8	Мемлекеттік деңгейіндегі ірі институционалдық құрылымдардың жұмыс істеу және даму стратегиясын құруды, оны іске асыру жағдайларын ұйымдастыруды, нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілікті көздейтін басқарушылық қызмет	Логикалық әдістерді қолдана отырып, келісілген шешімдер қабылдау, кәсіби қызмет пен өзара әрекеттесу модельдерін құру және орындау үшін жауап береді	Қызмет пен өзара іс-қимылдың кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді модельдеу және басқару әдіснамасы туралы білім